


Ү 2007
474 к

Агила Сауран Ертегілері



Агила Сауран Ертегілері



БАУР

«БАУР» баспасы
Алматы 2006

Мазмұны

Аң патшасы	5
Аяулым Сұлу	7
Кампrijяно графты қалай алдап соқты	23
Мәрисабель мен Крист	28
Раушангүл туралы ертегі	31
Таза шындық	34
Сенгіrbай көлі	39
Аманжол мен Жылқыбай	43
Өмір-өзен	57
Кім патша болғысы келеді?	64
Таңертеңгі сапырылыс	78
Сиқырлы қазына	85
Мәңгілік махаббат киесі	86

УДК. 821.512.122-34(087.5)

ББК. 82 (5Каз)

C24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ
МУРАФАТ КОМИТЕТИНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Рецензенттері:

Мереке Құлкенов — республикалық «Ана тілі» газетінің және өдеби-қоғамдық «Таң-Шолпан» журналының бас редакторы. ҚР еңбек сіңірген қызыметкері. ҚР Президенті сыййығының лауреаты.

Сұлтан Қалиұлы — республикалық «Ұлан» газетінің бас редакторы. ҚР Жазушылар Одағының хатшысы.

Қансейіт Әбзезұлы — ҚР Жоғары мектебі Фылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

C24 Сауран А. Б.

Ағила Сауран ертегілері. Алматы: Баур, 2006, 104 б., 38 сурет.

ISBN 9965-9936-5-3

C 4803250204
00(05)-06

ББК. 82 (5Каз)

ISBN 9965-9936-5-3

© «БАУР» баспасы, 2006
© Сауран А. Б., 2006
© Кастеев Д., 2006

АҢ ПАТШАСЫ

Таңтереңгі шақ. Аспан шайдай ашық. Ауа тап-таза. Ормандағы ағаштардың бастары баяу шайқалады. Тедди өлдекашан оянып, бір үлкен бұтаның астында таңтереңгі жемтігін жеп жатқан. Міне, енді қарны тойған соң, бұта астынан жан-жағын бағып алды да, алаңқайға шықты. Айналасын көзбен шолып, енесін іздеді. Бірақ енесі көзіне іліге қоймады. Тедди жалғызырап, көңілін мұң торлады.

«Анам қайда? Неге бұл манда жоқ? — деп ойлады ол. — Бәлкім орманға аң аулап кеткен болар?»

Бірақ арыстан сүйікті аланын ешқашан жалғыз қалдыrmайтын, аңға өзімен бірге алыш шығатын.

Теддиді үрей биледі. Айналадағы жуан-жуан зәулім ағаштары айбақ-сайбақ орман арасы қараңғы, тым қорқынышты. Аланның жүрегі тулас кетті. Есейе бастаған аланын арыстандардың жалғыз қалдырып кете беретінін Тедди білетін. Бірақ тап осылай табан астында қалдырып кетеді деп кім ойлаған!

Тек сүйікті күшін тіршілік ететін, бар тапқанын аузына тосып, өбектеп, асты-устіне түсіп, қасынан бір елі шықпайтын жан анасы қайда?! Теддидің кішкентай жүрегі сыздап кетті.

Алтын күн, айнала жарқырап тұрғанымен, Теддидің жан дүниесі қап-қараңғы болып, азапты күй кешіп жатты. Сөлден кейін қайта көзі ілініп кетті. Ұйқы деген жанға дәру ғой. Ренішінді де, қайғынды да ұмыттырады. Тедди тып-тыныш, алаңсыз ұйықтады. Оянған кезде күн тас төбеге таяп қалыпты.

Жақын маңдағы көл суы көкпеңбек, мөп-мөлдір, айнадай жарқырап жатыр! Тедди көлге жақын келіп, суға ұңліп еді, шошып кетті, су ішінен бір үлкен, өдемі арыстан қарап тұр! Анасының неге қалдырып кеткені енді белгілі болды. Ол жан-жағына мойын бұрып еді, айналасында өріп жүрген небір өдемі аңдарға көзі түсті. Ол бұл аңдардың бәрі достары екенін, ал өзінің тұла бойын бұла күш кернеген құдіретті арыстан — Аң Патшасы екенін ұқты.



АЯУЛЫМ СҰЛУ

Баяғы өткен заманда, тарихымен даңқы шыққан үлкен көне қалада Батақты бір хан ғұмыр кешіпті. Есімі Алтын екен. Байлығында шек болмапты. Қөршілес елдердің хандары Алтын ханды қатты қадірлейді екен. Ол барлығымен де достық қарым-қатынаста болыпты. Ханның ба拜ын табуға барын салып тұратын қызметкерлері мен құл-құтандары да көп екен. Алтын хан көрші елдердің билеушілерін жиі-жіі шақырып, кең дастархан басында емен-жарқын әңгіме-дүкен құрып тұрыпты.

Хан ордасының сөн-салтанаты көз қызықтырыпты. Орданың қабырғаларына ілінген, беті ұлттық өрнектермен нақышталған, көздің жауын алатын үлкен-үлкен кілемдер. Бетінде алуан түрлі әдемі көне оюлар ойылған ағаш бүйімдар. Қонақтардың аяғының астында — қалы кілемдер.

Хан ордасына шақырылғандардың қай-қайсысын да алуан түрлі тәтті тағамдар күтіп тұрыпты. Атағы алысқа жайылған шығыс тағамдарының небірінің дәмін тек осы жерде ғана татуға болады екен.

Дастархан беті аспаздық өнердің алуан түрлі өнімдеріне, дәмді тамақтар мен шығыстың бал-шекер дәмдеріне сықаса толып тұрыпты. Кеселерге алтын түсті шай, керден кеселерге бетінде көбігі бұрқыраған ұлпа қардай аппақ шұбат құйылып, қонақтарға аса бір ілтипатпен ұсынылыпты. Аппақ дастархан бетіне шашылған, әлі суып үлгермеген ашық сары түсті бауырсақтар көздің жауын алышты.

Ағыл-тегіл дастархан басында қонақтар жанды тербейтін алуан түрлі әңгімeden өбден қалжырап, дем алғылары келетін ыңғай танытқанша, бірінші дәмнен соң екіншісі, одан үшіншісі келіп, әрі қарай да толастамай, жалғаса беріпті.

Алтын хан бас болып отырған қала өте үлкен де шулы екен. Ол көрші елдердің барлығының бір-бірімен байланысып, бас қосып отыратын орталығы болыпты. Қала халқы көнілді, қайырымды да парасатты екен. Қаланың ирек-ирек, бұралаң көшелерімен қауын, қарбыз, жеміс-





тер тиелген қос дөңгелекті қағылы арбалар базарға қарай ағылып жатыпты. Арба үстіндегі балалар жегілген аттарына бишік үйіріп, шаттана айғайлайды. Жиек жолдармен бастарына қыш құмыра қойған дене бітімі сымбатты, жүрісі сәнді қыз-келіншектер жүріпті. Кішкене дүкен сөкілерінде күн шуағына қыздырынып, әңгіме-дүкен құрып, дана қарттар отырыпты.

Осындай қорініс қала халқының бәрі көне қаланың орталығына— аламан базарға асығып бара жатқандай әсер қалдырыпты. Базар шынында да өте үлкен екен! Шірене басып базар аралаған байларды да, олардың азық-тұлік әкелуге жұмсаған қызыметші, малайларын да, өзге елдерден қелген қонақтарды да дәп осы базардан кездестіруге болады екен. Мұнда байлар мен кедейлер ғана емес, тілі жаңа шыққан сәбилер де келіпті. Олар өткен-кеткендерге көзін кең ашып, таңдана қарайды екен.

Базар сөрелерінде әрдайым нәрлі де қанық бояулы мәуелер, сабағынан жаңа үзілген қекөністер, ұннан әзірленген тағамдар, бал-шекерлер, ет, сүт өнімдері сықасып тұрыпты. Алай-тұлей құм суырған шөлдерді басып, адыр-адыр таулардан асып, небір қыншылықтарды артқа тастап, ұзақ жол жүріп, алыс елдерден келген, үстеріне небір тең-тең асыл тауарлар тиелген түйелер тізбегі де бір шеттен орын алыпты. Бұылған теңдердің ішінен не шықпайды дейсің?! Улбіреген жібек маталар, киім-кешектер, кептірілген жеміс-жидектер, жұртшылық көп көре бермейтін таңсық жемістер, хандар киетін әдемі, зерлі шапандар, жауынгер жігіттер ұстайтын қалқандар, ұлттық өрнекпен әшекейленген кілемдер, қыздарға арналған сәүкелелер мен басқа да әсем киімдер, базарлықтар, кітаптар... Бәрі де шығады екен.

Базар жаймаларында, дүкендерде хас шеберлердің қолдарынан шыққан бірінен бірі әдемі әшекей бүйымдар көздің жауын алып жатыпты.

Қала гүлденіп, түрленіп, құлпырып тұрыпты. Мұндағы өмір елең-алаңдан жанданып, түннің бір уағында ғана тыншыпты. Сатушылар, қолөнерші шеберлер, ұсталар, тігіншілер жұмыстарын жаңа шығып келе жатқан алтын күн сәулесімен таласа бастап, ұзынды күнге тынным таппай, қаракөк аспанда жұлдыздар самаладай жарқырағанда бір-ақ аяқтапты. Алтын хан, міне, осындай ғажайып қаланы билеп тұрыпты.

Әкесінің даңқының арқасы болар, қызы Аяулым да қөршілес мемлекеттер халқына кеңінен танымал болыпты. Оның туған айдай толысып тұрган он сегіздегі кезі екен. Кер маралдай керілген нағыз хас сұлудың өзі екен! Қемірдей қара шашы ақ жүзіне жарасып, әдемілеп өрілген қос бұрымы аш беліне түсіпті. Улкен, ұялы қара көздері нұр шашып

тұрыпты. Қиядан аққан бұлақ суындағы сыңғырлай құлгенде, алқызыл еріндері қып-қызыл жауқазын гүлдің қауызындағы ашылып, ақ маржандай аппақ тістері қатар түзеп, ажарын бұрынғыдан да өрлендіре түсіпти.

Оны жұрт Аяулым сұлу деп атапты. Тал бойында бір мін жоқ сұлудың бір ғана осал дағдысы—асыл тастанға өте құмар екен! Жай ғана құмартып қана қойса бір сәрі ғой, олардың жолында жанын қиуға бар екен! Ал оның асыл тастанғында қисап болмапты.

Әкесі барып қайтқан елдерінен қызы үшін асыл тастансыз оралмапты. Ал қызының бөлмесіндегі қобдишаларында асыл тасты әшекей бүйімдардың небір түрі сыйқасып тұрыпты.

Елең-алаңда, күн үясынан жаңа көтеріле бастаған шақта, оның алғашқы сөүлелері асыл тастанға шағылышып, алуан тұсті миллиондаған жарқылы үй ішін тіпті нұрландырып жібереді екен. Осы сәтте асыл тастар жарқылымен жарыса нұрланған сұлудың жұзін көрсөң... Ол асыл бүйімдарын нәзік те сүп-сүйкімді саусақтарымен іліп алып, олардың әдемілігінен ләzzат алып, рахат сезімге бөленіп тұрады екен. Алуан түрлі сақина, жұзік, білезіктер, алқалар! Бірі гаунармен, бірі маржандармен, сапфирлермен, лағылдармен, зұмірет, бриллианттармен... безендірілген. Аяулым хан сарайынан шыға қалса, қала тұрғындары оның аққудың мойнындағы сұлу мойнына жараса қалған алуан түрлі тастанмен өрнектелген ғажайып алқаларына сүйсіне, қызыға, сұқтана қарапты.

Хас сұлудың көрген-баққаны, «дос-құрбылары» да сол асыл тастаны екен.

Бірде әкесі оған қаласа, көршілес ханның ұлына ұзатқысы келетінін айтады. Сонда қызы ойланып тұрып, кімде-кім жер бетіндегі миллиондаған асыл тастандың ішінен ең әдемісін тарту етсе және де ол асыл тастар өзге асыл тастандың бәрінен әдемі, ерекше болса, соған ғана тұрмысқа шығуға бейіл екенін аңғартады.

Қызының талабына хан қатты таңданады. Сөйтсе де, айтқанын екі етпей үйренген басы қарсы уәж айтпай, бұл жолы да келіседі.

Келесі күні ол маңдайына біткен жалғыз қызын күйеуге беретінін айттып, жаршыларын жұмсал, күллі елге жар салдырады. Әрине қызының талап-тілегінің бәрін қоса мәлімдедеді.

Аяулымның сұлұлығы көршілес елдердің бәріне аңыз болған ғой. Сондықтан да оның тұрмысқа шығатыны жайындағы хабар хандардың құлағына тез шалынады. Олар бұл хабарды естісімен-ақ балаларын алып, түйеге мініп, Алтын ханның еліне тартады. Қөпшілігі ұзақ тақының жолда өбден арып-шаршайды. Бірақ бұлай арып-аршығандары

қыздың талабын орындау үшін қойма іздең табудың қасында тұк емес еді.

Сұлу қыз әкелген сыйлықтарына көңілі толмай, қаншама жігіттерді кері қайтарады. Ал олардың әкелгендегі осы қаланың қыздарының бірде-біреуі өңі түгіл түсінде де көрмеген ғажайып заттар екен. Әр жігіт өз сыйлығының өзгелердің сыйлығынан ерекше болуын көздепті. Сөйтсе де Аяулымға бірде-біреуінің де сыйлығы ұнамапты. Ешқайсысы жүрек қалауын дәп баса алмапты. Қызының әумесер әрекетінен әкесі де титықтай бастапты.

Бірде Алтын ханға тарту-таралғыларын, қымбат сыйлықтарын алып, қонақтар келіп жатқанда, ханның қызы өзі туып-өскен, өмір бойы тұрып келе жатқан көне қаланы аралап кетіпті. Аралағанда, баратын жері — аламан базар. Осында қыдырғанды жаны сүйеді. Әсіресе, соңғы кезде осы жерге жиі келіп, бірер сағат базар аралап жүріп алатын болыпты.


Қызының серуендердегі келіп тұратынын әкесі байқапты. Аламан базарды ұзыннан-ұзақ ту алысқа созылып жатқан дүкендерінің ішінде Аяулым әшекей бұйымдар сататындарына көбірек үйіріліпті. Ал ондай дүкендер мұнда сансыз екен. Хан қызы бұл жерлерден ештеңе сатып алмаған күннің өзінде, асыл тастардың жарқылына қарап көз қуантса, соның өзіне риза екен.

Бірде Аяулым әдеттегідей осы төңіректе қыдырып жүріп, өзге дүкендерден өзгешелеу біреуіне келіп кіреді. Айырықша, дәл сондай зергерлік бұйымдардан сән-салтанатымен, әдемілігімен ерекшеленген ғажайып бұйымдарға қыз таңдана қарап қалады. Ол таңданған күйі осынау таңғажайып дүниелердің қандай зергердің қолынан шыққанын білгісі келіп, басын көтергенде, қарсы алдында тұрған жап-жас жігітке көзі түседі. Қөздері ботаның көзіндегі әдемі екен. Ол қызға біраз уақыт үнсіз қарап тұрып:

— Сәлем, сұлу қыз! Сенің сұлулығының қасында менің мына бұйымдарым көмескі тартып кетеді екен. Сөйтсе де ұзақ уақыт іздең бұйымыңды осылардың арасынан табатын сияқтысың, — дейді.

— Менің бір затты ұзақ уақыт, өте ұзақ уақыт бойы іздең жүргенімді қайдан білдің? Іздең сол бір бұйымды тым болмаса алыстан бір рет көзім шалса ғой, — дейді қыз.

— Мен сені осы жерден күнде көремін. Осы базарға күнде келесің. Бірақ менің зергерлік дүкеніме бір рет те мойын бұрған емессің. Сенің көктегі жұлдыздардай жарқыраған нұрлы көздерің осындағы небір әдемі әшекей бұйымдарды түгел шолып шықты. Бірақ бірде-біреуі назарыңды аудара алған жоқ. Осыншама ұзақ уақыт үмітсіз іздең жүрген затыңды, бәлкім, менен табарсың?



— Өзіңе сонша сенімдісің ғой? — деп, Аяулым сыңғырлай күледі. — Ол затты маған ешкім, ешқашан тауып сыйлай алмайтынын білемін. Яғни, ешқашан ешкімді сүймейтін шығармын.

Мен ханның қызымын. Атым — Аяулым. Әкем мені маған дүниеде теңдесі жоқ ғажайып өшекей бүйім әкеліп сыйлаған жігітке ұзатқалы отыр.

Өзің жарқырауық жұлдыздар деп тұрған менің көздерім небір ғажайып асыл тастарды көріп-ақ жүр. Міне, солардың ешқайсысының сұлулығы осы жұлдыздарды қуанышқа бөлей алған жоқ. Аяулымның жүргегін жауап алтындаі өшекейді ешкім де таба алмайтын шығар!

Аяулым әсем бұрылып, тәкаппар басып жүріп кетеді. Жас жігіт хас сұлудың қарасы көрінбей кеткенше, соңынан ұзақ уақыт ойланған қарап тұрады.

Құн артынан күндер өтіп жатады. Аяулым содан кейін де аламан базарға үнемі келіп жүреді. Жұртшылық оның өшекей бүйімдар сатылатын қатардан бірдене іздең, бірақ таба алмай қайтып жүргенін жиі көреді. Ал Аяулым болса өзінің қиялышындағы ғажайып сұлулықты тезірек көруге асығады. Алыс-жақын елдерден ат арытып, сабылып келіп жатқан қыздың жары болудан үміткер жігіттердің еш біреуінің әкелгені қыздың көңілінен шықпайды. Әрине, олардың әкелген тастары да өте әдемі болыпты. Жарқылымен ғажайып қаланың сұлулығын жолда қалдырыпты. Аяулым сұлудың орнында басқа қыз болса, көрген өшекейлерінен баяғыда-ақ басы айналып, ағылып келіп жатқан ханзадалардың біріне тұрмысқа шығуға келісімін беріп те қоятындаі-ақ екен. Амал қанша, ешқайсысы Аяулымға ұнамайды.

Ал хан қызы дүкендердің бірінен кезіктірген зергер Төлеген болса сол баяғы өз дүкенінде, өз орнында, өз қолынан шыққан дүниелерін сатып отырыпты. Аяулым сол дүкенге жиі келіп, уақытының көбін Төлеген-нің басынан өткен қызықты оқиғалары жайындағы әңгімелерін ынтыға тындаумен өткізіп жүріпті. Төлеген оған тарихта терең із қалдырған, дүниедегі небір асыл тастар жайында аңыздар да айтып береді екен. Сұлу қыз сол аңыздарда айтылатын орындарға қиялымен сапар шегіп, ымырт үйірілгенге дейін отырып, әйтекеүір қайтуы керек екені есіне түскенде ғана сарайына оралыпты.

Бірде Аяулым елең-алаңда оянып кетеді. Құн әлі ұясынан шыға алмаған шақ екен. Қәусар аяу тынысын жеңілдете түседі. Қоктем лебі еседі. Уақыттың әлі ерте екеніне қарамай, оны аламан базар шақырып тұрғандай болады.

Ол базарға келген соң, әдеттегідей көзімен зергерді іздей бастайды. Қатар-қатар сөрелерді аралап жүріп, саудагерлердің өзінен де ерте

тұрып, күн шықпай іске кірісіп кеткеніне қайран қалады. Елгезек балалар үлкендердің бүйымдарын тасысып, сөрелерге жайысып, базар кезіп жүреді. Базар сөрелері лездің арасында алуан түрлі бүйымдарға толып, алабажақтанып шыға келеді.

Аяулым өзге тұсқа аялдамай Төлегеннің дүкеніне таяйды.

— Қайырлы таң! — дейді жас жігіт жымып.

— Қайырлы таң! — деп үн қатады Аяулым.

— Мениң саған бүгін, Аяулым, бір қызық оқиға жөнінде айтқым келіп отыр. Оны соңынан өзің де көресің. Мен саған ғажайып әлемді көрсетемін.

— Шынымен ғажайып әлем бе? — деп таңданады қыз. — Ондай әлем болады деп, мен ойламаппын да.

— Жүр, көрсетейін, — деп Төлеген оның нәп-нәзік саусақтарын уысына аялай қысып, екеуі ақырын жүргіп кетеді.

Егер біреу-міреу екеуінің сыртынан бақылап тұрап болса, оның жана-рына таңғажайып сурет шалынареді. Қол ұстасып жазықдаланы, жасыл алқапты кезіп, тау ішін аралап, күлісіп, өңгімелесіп серуенде жүрген екі жас. Бұл — Аяулым мен Төлеген. Қастарында жайылып жүрген ақша бұлттардай аппақ қойлар. Таңғы шық қонақтаған көк шалғынды пысқырынып қойып қарбыта шалып жүрген жылқылар. Енесінің бауырына жабысып, сорпылдата сорып тұрған бұзаулар. Осындағы жан-жануарлардың ішіндегі ең естісі — өздері сияқты, айналадағы көріністі көзбен керенау шолып, күйіс қайырып тұрған тәқаппар түйелер.

Аяулымның бұлақ сыңғырындағы сылқылдай күлген үні құлаққа шалынады. Міне, екі бейне көгілдір аспанның бар көрінісі төңкеріліп түскен сүы тұп-тұнық, мәп-мөлдір үлкен көлге жақындаған келеді. Аяулым демін ішіне тартып, көл сүйндей тынши қалған. Көл моп-момақан қалыпта, терең үйқыда. Қенет адыр-адыр таулардың жотасынан шоқтай қыздырып, күн шығып келе жатты. Оның шашыраған мың-миллион сәулесі таңтертеңгі ерке самалдың жетегіне еріп, су бетін бірге қытықтасып асыр салады. Содан соң күннің алтын түсті, алқызыл, қып-қызыл, сап-сары, аппақ жарқылдары бірте-бірте үлкейіп, көл бетінде қуыспақ ойнай бастайды.

Әлгі таңғы самал сәл күшіне түсті де, көл бетіндегі сансыз сәулені бұрынғыдан да бетер шаттық күйге бөлей берді. Ақырында күннің өзі де түгел көрінді. Көл беті айнадай жарқырады! Қүннің сан жетпес сәулелері алуан түрлі ғажайып бояуларын себелеп, қызыл толқындарды шымқай қызыл, шымқай қызылдарын алтын түсті толқындарға, алтын түстілерін қызыл сары толқындарға айналдырып, көл бетін алуан түсті бояуларымен мың құбылтты.



Әлгінде ғана тып-тыныш үйіктап жатқан көлдің бетінде пайда болған мына құбылыс Аяулымның көзін қатты қызықтырды. Кемпірқосақтың барлық бояуы араласып, көл беті керемет палитраға айналғандай көрінді.

— Аяулым, — деді Төлеген ақырын үн қатып. — Мен сенің мына тірліктері бір жағдайды терең үғынып алғаныңды қалар едім. Сенің көп уақыттан бері іздеп жүрген ғажайып асыл тастарың осы. Міне, сенің көз алдыңда. Жер бетіндегі асыл тас атаулының бірде-біреуі бұған тең келмейді. Бірақ бар ынта, ықыласымен алғысы келгендер ғана бұл ғажайыпты көре алады. Ал бұл сұлулықты түсіне білмейтіндер еш уақытта көре алмайды. Біз, міне, көріп тұрмыз. Ендеши біз бақыттымыз. Ал енді осы тастарды қолыңа алғың келе ме?

— Шынымен қолға алып қоруге бола ма? — деп сұрады Аяулым.

Төлеген оны көл жағасына ертіп келді. Жүрелей отырып, қолымен судан іліп алды. Алақанында мың миллион тастар жалт-жұлт етті. Су жарқ-жүрқ етіп, саусақтардың арасынан ағып кеткенде, тастар да бір-бірінен қалыспай бірге кетті.

Күн көкжиектен едәуір көтерілгенде, лағылдай алқызыл сәулелері мөп-мөлдір және алтын түске еніп себезгілей бастады. Айнала жап-жарық болды. Қос бейне жасыл шалғынды кешіп көл маңынан ұзап бара жатты.

— Аяулым! — деді Төлеген. — Қараши, сенің аяғыңың астында жарқырап қаншама тастар қалып жатыр!

Аяулым еңкейіп қарады. Шық тамшылары жап-жасыл шалғынның арасында алтын күннің таңертеңгі сәулелерімен ойнақ салып жүр екен.

— Байқа, — деді Төлеген ақырын ғана үн қатып, бір нәрсені шошытып алардай қауіптеніп. Сонсоң тізе бүкті. — Әрбір шалғынның сабагында, әрбір құлақшасы бойында қаншама ғажайып тастар жасырынып тұр.

Осылай деді де, ол бір жапырақты алып, әрі-бері аударып еді, оның бетіндегі жасырынып тұрган шық тамшысына күн сәулесі түсіп, тамшыны алуан түске бояп, құлпыртып жіберді. Аяулым қайран қалды.

Күн еңкейген шақ. Әжептеуір шаршаған Төлеген мен Аяулым бір үлкен ағаштың астына келіп отырды. Імьирт үйіріліп, айналаны тұн басты. Біреу аспанда жұлдыздарды жақты.

— Ал мыналар — бриллианттар мен гауһарлар, — деді көкке ойлана қарап. — Олар бізге биіктен жымындей қарап, шұғыласын шашып, көз қуантады. Мен олармен тілдескенді жақсы көремін. Олар тыңдай біледі. Неге екенін қайдам, мен қолымды созып, оларды сипасам деп армандастынмын. Олардың сұлулығына қызығатынмын. Сол арма-



ным орындалған секілді. Аспан маған ең жарық екі жұлдызын сыйласп отыр. Өздері сондай сұлу. Екеуі қазір маған қарайды,— деп, Төлеген Аяулымның ботаның көзіндегі көздеріне үңілді.

Сөйтіп екеуі орындарынан тұрып, аяңдаш үйлеріне қайтады. Таң атады. Аяулымның алдында жаңа дүние ашылады. Ол өзгереді. Мейірбап, ақжарқын бола бастайды. Өзге адамдар байқамағанды байқап, өзгелер сезбегенді сезеді. Жан дүниесінде де бір өзгеріс болып жатқанын байқайды. Ақыры әкесіне өзінің Төлегенді ұнатып қалғанын айтады. Алтын хан қызының, күн нұрындаи Аяулымның ұзату тойы өтетінін хабарлап, жар салғызады.

Той да басталады. Қаншама халық жиналады, қаншама елден қаншама қонақтар келеді! Үстіне ауыр-ауыр теңдер артқан керуендер көне қала көшелерімен Алтын хан сарайын бетке алыпты. Қымыз дегенің өзен болып ағыпты. Небір тағамдардан дастархан үстінде ине шаншар орын-жер қалмапты. Жұрттың бәрі жігіт пен қалыңдықты демдерін ішіне алып күтіп тұрыпты.

— Хас сұлудың жүрегін жаулаған жігіт кім болды екен? — деп сұрасыпты бір-бірінен.

Ақырында Алтын хан қызының жүргегін жаулаған күйеу баласының аламан базардың шебері, аса дарынды зергер екенін, асыл тастардан небір таңғажайып бүйымдар жасайтынын, солардың біреуін қызына сыйлағанын айтады. Халық қақпа жаққа аса бір зор ынтамен ықылас қойып қарап тұрыпты. Кенет күзетшілер мен қызметшілер қақпа алдында абыр-сабыр бол:

— Келе жатыр! — десіпті.

Істеріне теңдер артқан ұзыннан ұзақ шұбырған керуеннің соңы көрініпті. Керуен сапындағы түйе біткеннің бәрі өте әдемі етіп безендіріліпті! Барлығының да жабуларынан бастап, ноқта, тартпаларына дейін күн сөулесі түскенде, алуан түске енетіндей алтын жіптермен өрнектеліп тігіліпті. Сырттан қарағанда, алтын қабыршықтары күнге шағылыша жалтылдап, хан үйіне жылжып бара жатқан ұзыннан-ұзақ алтын жыландаі көрініпті.

— Алтын керуен келді! — деп айғайлапты қызметшілер. Түйелер екі жағына баяу теңселіп, асықпай, айналасына тәқапар қарап жүріп бара жатыпты. Ауыр-ауыр теңдерден түйелердің белі қайысыпты. Керуен ақырында қақпа алдына келіп тоқтапты. Ең алдыңғы түйеден түскен кісі өте сыйлы қонақ болса керек, нөкерлерімен барып, Алтын ханға сәлем беріпті. Соңындағысы жұртшылық зарыға күткен күйеу — Төлеген екен. Ол қалыңдығына жақындаш келіп, оның қолынан ұстап тұрып, жиналған қонақтарға:



— Мен көрші елдің ұлы ханының баласы Төлеген деген боламын,— деп өзін, содан соң Алтын ханының қасындағы құрметті қонақты таныстырыпты. Содан соң қалыңдығына бұрылыш:

— Аяулым, мен өзімнің қолымнан шыққан бұйымдардың аламан базарда ұзынды-күндікке сатып, күн көріп жүретін бишара зергер емес-пін. Үйленетін мезгілім жеткенде, өз маҳаббатыма өзімді ханының ұлы болғандығымнан емес, мені жан-дұниеме үңіліп, шын жүргегімен сүйетін ару қызды тауып, бағымды сынамақ болып осы елге келіп едім. Бұл жерде өзімді зергермін деп таныстырудым. Небір ғажайып бұйымдарды жасай беретінім рас. Міне, сөйтіп, тағдыр мені осы жерде тамаша бір сыйға кенелтті. Өзімнің нағыз маҳаббатымды таптым.

— Аяулым, мына тұрған жұрттың бәрі бұл жігіттің сенің жүргегінді қалай жаулап алғанын білгісі келеді,— дейді Алтын хан.— Төлеген саған сенің нұрлы жүзіңе лайық өлемде теңдесі жоқ не сыйлады? Ол қандай сыйлық? Айтшы бізге.

— Ол сыйлықты көзбен көру мүмкін емес. Ол менің жүргегімде,— дейді Аяулым.

Сөйтіп, Төлеген мен Аяулым қырық күн той, отыз күн ойын өткізіпті. Ал жұртшылық қаншама уақыт жорамал жасасада, екі жастың жүргегін табыстырған қандай сыйлық екенін біле алмапты. Төлеген мен Аяулым сөйтіп, бақытты өмір кешіп, ұзақ жасап, мұраттарына жетіпті.



Кампriaно графты қалай алдап соқты

Бұл оқиға ертеде болса керек. Францияның құнгей жағындағы Монде-Марсан қаласында бір кедей адам тұрыпты. Оның жалғыз ғана бір бұйымынан басқа бағалы ештеңесі болмапты. Кедей ол затын ерекше бағалайды екен. Құндердің бір күнінде ол бұйымның өзін үлкен олжаға кенелтіп, көксеген арманына жеткізетініне, бақытты ететініне имандай сеніпті. Мүмкін бұл тәж шынында да сиқырлы болар, кім біледі...

Тәжді Кампriaно өзі жасаған екен. Оны асыл тастардан аумайтын жарқырауық тастармен безендіріпті. Таңертең есік алдына шығып, қолындағы тәжді жаңа шығып келе жатқан күн сәулесіне тосып отыру — Кампriaноның құнделікті өдөті болыпты. Құннің таңертеңгі нәзік сәулесі жылтыр тастардың бетінде асыр салып, тәжді ерекше құлпыртып жібереді екен.

Бірде таңертең өдettегіден ерте оянған Кампriaно сүт ішіп, бір үзімнан жеп, есігінің алдында отырып, таза ауамен тыныстау үшін сыртқа шығады. Өдettегі орнына тізе бүгіп, тәждіне үн қатады:

— Сен менің дүниедегі жалғыз досымсың. Сені соққан кезде, тұні бойы көз ілмей, сенің әрбір тасыңың өдемі болып шығуы үшін жан аямай жұмыс істегенім өзіңе аян. Есесіне, міне, сен қандай өдемі болып жасалдың! Сені көрсе, менің шеберлігіме таңданбайтын пенде болмас-ау! Бәлкім, сен шынында да дуалы шығарсың? Бері қараашы, құні бойы қол құсырып үйде отырғаннан не өнеді? Одан да екеуміз мына жарық дүниені армансыз шарлап, бақыттымызды іздең көрейік. Небір адамдармен жолығамыз, атағы жер жарған жерлерде сан алуан жақалықтардың, қызықтардың күесі боламыз. Бізді таңғажайып, қызықты оқиғалар күтіп тұр.

Кампriaно осы ойға бекіп, үйіне қайтып кіреді. Өзінің көне орамалына жолда жейтін дәм-тағамдарын түйіп, құмыраға су құйып алып, құн өтіп кетпес үшін басына қалпағын баса киіп, тәждін қолына ұстап жолға шығады.

Жол бойы өзінің жаны ерекше сүйетін бір әнінің әуеніне салып, үздіксіз ысқырып отырады. Шеті-шегі жоқ ұзақ жол әбден титық-

